

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде орналастырылатын және елді мекендерде жарнама объектілері бойынша төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2008 жылғы 28 наурыздағы N 5/37-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 мамырда N 14-13-41 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2009 жылғы 12 ақпандағы № 12/88-IV Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2009.02.12 № 12/88-IV Шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-шы бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің /Салық кодексі/ 491 бабының 2-ші тармағына сәйкес, аудандық м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде орналастырылатын және елді мекендерде жарнама объектілері бойынша төлемақының ставкалары N 1 қосымшаға сәйкес б е л г і л е н с і н .

2. Аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 19/126-11 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 28/178-11, 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 29/195-11 және 2005 жылғы 18 ақпандағы N 12/81-111 шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

А. Исабеков

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ә. Шыңғысбаев

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 8

н а у р ы з д а ғ ы

N

5 / 3 5 - I V

ш е ш і м і м е н

бекітілген N 1 қосымша

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырылатын және елді мекендерде жарнама объектілері бойынша төлем ақы ставкалары.

N	Жарнама түрі	Алым ставки (ай сайын) (айлық есептік көрсеткіш)	
		Ленгiр қаласы бойынша	Аудан аумағы бойынша
1	Көрсеткіштер, маңдайша жазулар, плакаттар, ақпараттық қалқандар 2 шаршы метрге дейінгі көлемде	1	0,8
2	Жарнама қалқандары 2 ш. метрден 5 ш. метрге дейін	1	0,8
3	Жарнама қалқандары 5 ш. метрден 15 ш. метрге дейін	1	0,8
4	Жарнама қалқандары 15 ш. метрден 30 ш. метрге дейін	1,2	1
5	Жарнама қалқандары 30 ш. метрден жоғары	1,4	1
6	Киоскілер мен уақытша павильондардағы жарнамалар	1	1